



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## ТҮРКІСТАН: 40-ТАН АСТАМ БЛОК БЕКЕТ АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Түркістан облысынан төтенше жағдай режимі алынып тасталды. Бірлігі мен тыныштығын сақтап қалған облыста коменданттық сағат тәртібі тоқтатылғандықтан блок бекеттердің де жұмысы аяқталуда. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Ордабасы ауданы, Қайнар елді мекеніндегі блок бекетінің жабылу сәтіне қатысып, тәртіп сақшылары мен БАҚ өкілдерімен кездесті. Өңірдегі жағдайды саралады.

— Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Түркістан облысы мен Шымкент қаласында төтенше жағдай тоқтатылды. Соған байланысты біздің облысымыздағы қырықтан астам блок бекет алынып тасталады. Бірақ Жамбыл және Қызылорда облысымен шекаралас аумақтағы блок бекеттер әзірше қалады. Өйткені ол өңірлерде төтенше жағдай режимі әлі алынған жоқ. Ауданаралық бекеттің бәрі жұмысын тоқтатты. Тұрғындарға, жолаушыларға еркін жол жүруге мүмкіндік беріледі. Жалпы төтенше жағдай кезінде блок бекеттер арқылы біраз нәтижелерге қол жеткіздік. 30 мыңдай автокөлік тексерілді. Біразынан Алматы, Шымкент қалаларында болған оқиғаларға қатысқан, қару-жарақпен жүрген азаматтар ұсталды. Облыс бойынша 16 қылмыстық іс қозғалған. Бейбіт шеруге қатысқандарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, кейбіріне әкімшілік шара қолданылып, бәрі үйлеріне қайтарылды. Жағдай толығымен тұрақталды, — деді Өмірзақ Шөкеев.

Облыс басшысы дәстүрге сай ауданға сапар барысында жергілікті ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, белсенді тұрғындармен кездесу өткізді. Жиында өңір басшысы «Президентіміздің тапсырмасына сәйкес елімізде жанар жағармайдың бағасы тұрақталды. Ендігі кезекте қымбатшылыққа, жұмыссыздыққа қарсы іс-шараларды жанданды-

ра түсіміз керек. Әсіресе жастарды кәсіпкерлікке баулудың маңызы зор. Әрине жұрттың бәрі кәсіпкер бола алмайды. Бірақ жергілікті жастардың арасынан кәсіпкерлікке бейім жастарды іздеп тауып, олардың идеяларына қолдау білдірген жөн. Жастарға жағдай жасалса, олар да тұрғындарды жұмыспен қамтып, ел дамитын болады. Елімізде дамуға, еңбек етуге толық мүмкіндік бар. Ауыл шаруашылығын дамыту, оның ішінде суды үнемдейтін тәсілдерді батыл жүзеге асыру қажет. Жалпы облысымызда газдандыру, инфрақұрылымын жақсарту жұмысы жүріп жатыр. Түркістан қаласына ағын су тарту көздерін таптық. Су қоймалары салынды. Бірлесіп жұмыс істесек, елдің де еңсесі тіктеле түсетіні анық» дей келе жергілікті тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады. Сонымен бірге елімізде коронавирус індеті қайта күшейгенін айтып, санитарлық талаптарды қатаң сақтау керектігін де атап өтті.

Ордабасылықтар ағын су, жұмыспен қамту және өзге де мәселелерді қозғады. Бірлік пен ынтымақтың туы тігілген Ордабасы өңірінің тұрғындары, ел ағалары ел тыныштығының маңызды екеніне тоқталып, облыста қолға алынған жобаларға сәттілік тіледі. Өңір басшысы осы күні аудан орталығында ашылған халыққа қызмет көрсету орталығында болды. Оған жаңа технологиялардың көмегімен жүзеге асып жатқан мүмкіндіктер таныстырылды. Сондай - ақ облыс әкімі Шұбарсу ауылындағы Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебінің жаңадан салынған 200 орындық оқу корпусымен танысты. Бұл мектеп ауылға Өзбекстаннан қандастардың көптеп көшіп келуіне және демографиялық өсімнің жоғарылауына байланысты жаңартылып, кеңейтіліп отыр.

**Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



## Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылымдардың басшыларымен кеңес өткізді

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өкілетті органдар басшыларының кеңесі өтті, деп жазады Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.**

Жиынға Бас прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің бірінші басшылары, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің басшылығы мен Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты қатысты. Мемлекет басшысына қаңтар айының бірінші онкүндігінде еліміздің бірқатар өңірінде болған оқиғалар

бойынша сотқа дейінгі алдын ала тергеу амалдарының барысы, сондай-ақ арнайы жүргізілген операциялардың нәтижелері, елімізде қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету шаралары туралы баяндалды.

Кеңес қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар нақты тапсырмалар берді. Қазақстанда, соның ішінде Алматыда болған қайғылы жағдайларды жан-жақты зерттеу мәселесіне, қаза болған бейбіт тұрғындардың нақты санын анықтауға, қиын-қыстау кездерде күштік құрылымдардың іс-қимылдарын үйлестірудің

жаңа нормативтік базасын әзірлеуге баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысына Арнаулы операциялар күштерін жасақтау жұмыстарын жеделдетуді және ұлттық қауіпсіздік жүйесін қайта құру жөнінде нақты ұсыныс беруді тапсырды.

Президент лаңкестікке қарсы операциялар мен тергеу шараларын жүргізу барысында азаматтар құқығының бұзылуына жол бермеудің маңызды екенін айтты.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

## Президент «Самұрық-Қазына» қорының басқару құрылымын қысқартуды тапсырды

**Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәли Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Самұрық-Қазына» қорының қызметін трансформациялау туралы пікірін жариялады, деп хабарлайды Egemen.kz.**

«Қордың портфельді компаниялары — ұлттық экономиканың жүйе құраушы құрылымдары. Сондықтан қазір экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру және ресурстарды ел игілігіне бағыттау жөніндегі міндеттердің орындалуы қордың жұмысына байланысты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Үкімет, ең алдымен, тым көп басқару құрылымдарын қысқартумен айналысуы керек. Сонымен қатар мемлекет пен халықтың мүддесіне бағытталған табыстарды арттыру үшін «Самұрық-Қазына» мен Үкімет арасындағы өзара қатынастардың сипатын өзгерту қажет», деп жазды Берік Уәли.

Сондай-ақ ол Президенттің ұлттық компаниялардың сатып алу жүйелерінің ашықтығын қамтамасыз етуді талап еткенін жеткізді.

«Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтен экономиканың негізгі салаларында шынайы бәсекеге негізделген орта қалыптастыруды және қор мен ұлттық компаниялардың сатып алу жүйелерінің ашықтығын қамтамасыз етуді талап етті.

Президенттің пікірінше, мемлекет экономикаға көп араласа бермеуі керек және осы тұрғыда «Самұрық-Қазына» қорының активтерін жекешелендіру ісін жандандыруы қажет.

Осыған орай жекешелендіру кезінде ашықтықты сақтау маңызды. Онсыз экономиканы құрылымдық тұрғыдан қайта құру мүмкін емес. Президент Үкіметтен және Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комиссиядан нақты ұсыныстар мен іс-әрекеттер күтеді», деп жазылған мәлімдемеде.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтарда өткен Мәжілістің пленарлық отырысында «Самұрық-Қазына» қорының қызметін толығымен трансформациялау қажет екенін айтқан болатын.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**



# Індеттен сақтанудың бірден бір амалы - вакцина алу

Аудан көлемінде 2021 жылы корона-вирус инфекциясын жұқтырған азаматтардың жалпы саны-423 тіркелген. Оның ішінде симптомды-157, симптомсыз -266. Аурудың жасырын кезеңінің толық өтуі мен денсаулығына шағымы болмағандығына орай 420 адам бақылаудан шығарылды. Бүгінгі таңда 9 науқас клиникалық жағдайына байланысты үй бақылауында. Барлық науқастар клиникалық белгілері симптомсыз. Аудан көлемінде ПТР теріс пневмония белгілерімен тіркелген науқастар саны-0. Амбулаторлы ем қабылдап жатқан науқастарға емхана денгейінде бақылау жүргізіліп, қажетті дәрі дәрімен қамтамасыз етілуде. Аудан көлемінде корона-вирус инфекциясына күдікті науқастарға 11 мобильді топ қызмет атқарып жатыр. Аудан көлемінде КВИ жұқтырған балалар саны 0, жүкті әйелдер саны. Барлық мобильді топтар әкімшілік тарапынан қызметтік автокөлікпен қамтамасыз етілген. Түркістан қаласы мен Кентау қалаларында орналасқан инфекциялық госпитальде ем қабылдап жатқан науқас жоқ. Амбулаторлы пневмония белгісімен үйде бақыланып жатқан жүкті әйелдер мен балалар жоқ.

Қауіпті вирусқа қарсы қаруымыз да, қалқанымыз да – вакцина. Халық жаппай индустриалды кезде ғана инфекцияның көзін жоя аламыз. Осы орайда ауданымызда халыққа жаппай түсіндірме жұмыстары жүргізілуінің арқасында, халық вакцина алуының қажеттілігін түсінуде және саны артып келеді. Қазіргі таңда ауданымызға Comirnaty Pfizer вакцинасының 6930 дозасы келді.



Оның ішінде жүкті әйелге -118, емізулі аналарға-220, 12-17жас арасындағы балаларға-1719 дозасы егілді. Екінші компонент бойынша 914 тұрғын екпемен қамтамасыз етілді.

Жалпы аудан бойынша тіркелген халық саны 59040 азамат болса covid-19 қарсы вакцина егуге жататын жоспар бойынша халық саны 27700. Жүкті әйелдер саны- 855, емізулі аналар саны-1751, 12-17 жас арасындағы балалар саны -6852. Аудан халқына 1 компонент келгені 30102, салынғаны 30102, қалғаны 0. 2 компонент келгені 30102, салынғаны 30102, қалғаны 0. Ревакцинация бойынша келгені 1692 доза, салынғаны- 795.

ПТР әдісімен 2021 жылы жалпы саны 25632 азамат тексеріліп, олардың ішінде 181 азаматтан оң нәтиже анықталды. 2022 жылы жалпы саны 153 азамат тексеріліп, олардың ішінде 2 азаматтан оң нәтиже анықталды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы корона-вирустың тағы бір штаммын қауіпті деп таныды. Омикрон деп аталған бұл штамм туралы дерек аз, бірақ мамандар мутацияның ауқымы елеулі дейді. «Омикрон» штаммы тез тарап жатыр. Бүгінде әлемнің 126 елінде тіркеліп отыр. Оның ішінде біздің елімізде Нұрсұлтан және Алматы қалаларында аталған вирус бой көрсете бастады. «Омикрон» өткен жылдың жел-


тоқсан айының соңында жүргізілген молекулалық-генетикалық зерттеулердің нәтижесінде анықталды. Дегенмен, елімізде әлі де «дельта» штаммы басым – 71%. Жалпы, эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы жақында анықталған «омикрон» штаммының таралуына, мереке күндері халықтың ішкі миграциясының жоғары болуына және профилактика шараларын жеткілікті сақтамауына тікелей байланысты. Әлемнің көпшілік елдерінде де індеттің таралуы белең алғаны байқалады. Сонымен қатар «дельта» штаммымен ауырған науқастар «омикрон» штаммын жұқтыруға бейім келеді.

Омикрон штаммының симптомдары: Жалпы әлсіздік, бас ауруы, тамақтың ашуы, дененің қақсап ауыруы, дене қызуының көтерілуі және құрғақ жөтел. Сирек жағдайда жүрек айнуы және іш өтуі. Бұл штамм өте жұқпалы, жоғарыда көрсетілген симптомдар өзіңізде байқалған жағдайда тұрғылықты мекен-жайыңызға қарасты емдеу профилактикалық мекемелеріне барып ПТР тестін тапсырып, дәрігер кеңесін алуыңызды ескертеміз.

Індеттен сақтанудың бірден бір амалы-карантин талаптарын сақтау және вакцина алу. Вакцина алған жағдайда қайта вакцина алуды да ұмытпаған жөн.

Корона-вирустың штамдарын жұқтырмауға профилактикалық іс-шараларды сақтау мен вакцинациялау ғана көмектеседі.

**Т.ҚАЛДЫБЕКОВ,**  
Созақ аудандық  
орталық ауруханасының  
бас дәрігері.



## Әлемді «алаңдатқан» штамм нұсқасы

Әлемде корона-вирустың жаңа штаммы табылып, медицина мамандарын алаңдатып отыр. 25 қарашада Ботсвана, Оңтүстік Африка республикаларында және Гонконгта корона-вирустың жаңа штаммы алғаш анықталып, оған «омикрон» деген атау берілген. «Оның қауіптілігі неде?» деген заңды сұрақ туындайды. Корона-вирустың бұл түрінің жұқпалылығы «Дельта» нұсқасына қарағанда 70 есе жоғары, әрі қайта жұқтыру қаупі бар, қазірдің өзінде әлемнің 110 еліне тарап үлгерді. Қазақстанда «омикрон» штаммы белгісі бар 7 науқас анықталды, оның 6-ы Алматыда, 1-уі Нұрсұлтан қаласында. Клиникалық белгілеріне тоқталар болсақ бас ауыруы, қатты әлсіздік, тамақтың қышып, жөтелуі, қызу көтерілуі. Бірақ, иіс және дәм сезу сезімдері жоғалмайды. Инкубациялық кезеңі 3 күннен 7 күнге дейін.

«Омикрон» түрінің таралуы бірқатар елдердің денсаулық сақтау жүйесінің шамадан тыс жүктелуін тудырады. Осыған байланысты қабылданып отырған шаралар эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтылығын сақтауға, аурулар санының өсу қаупін азайтуға,


неғұрлым қатаң шектеу шараларын енгізуге жол бермеуге бағытталған. Әлемде сықаттанушылықтың өсуін және «омикрон» штаммы нұсқасының кең таралуын ескере отырып, халықты вакцинациялау қарқынын арттыру және тиісті халықты вакцинация-

лауды аяқтау қажет. Сонымен қатар, вакцинацияланғандардағы бірқатар шетелдік зерттеулер нәтижелеріне сәйкес инфекциядан қорғау 6 айдан кейін орта есеппен 1,8 есеге төмендейді. Мамандар жаңа штаммын салыстырмалы түрде жеңіл өтетін және вакцинаның әсері жайлы нақты қорытынды шығаруды ерте деп санайды. Оңтүстік Африка мен Израильде жүргізілген шағын зерттеулер Pfizer вакцинасының екі дозасының «омикронға» әсері айтарлықтай азайғанын көрсеткен. Бірақ үшінші дозасының әсері жоғары болып шыққан. Осыған байланысты Созақ ауданы халқы барынша санитариялық шараларды сақтап, корона-вирус вакцинасының 2 кезеңін толық алған адамдарды 6 ай мерзімі толуына орай 3 кезеңін алуларыңызды және көпшілік ортадан оқшаулануға, той –томалақ, жиынға бармай, өз отбасы аясында ғана тойлауды, көпшілік орында маска тағып, денсаулығыңызды күтуге шақырамыз.

**Ж.ӘКЕНОВА,**  
Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық бөлімінің жетекші маманы.

Covid-тың жаңа нұсқасынан өзімізді қалай қорғауымызға болады? Омикрон деген не? Адамдар арасында жүрген ауру белгілері тұмау ма, әлде Омикрон ба?

Омикрон бұл екі жылдан бері әлемді дүр сілкіндірген Covid-тың жаңа түрі. Бұл Covid-тың альфа, бета, дельта түрлеріне қарағанда таралуы екі-үш есе жоғары, жеңіл түрде өтеді. Ауа тамшылары арқылы тез жұғады. Бір қуанарлық жағдай, әлем бойынша ауырғандардың арасында өлім көрсеткіші әлі тіркелмеді. Бұл жоғарғы тыныс жолдарын, яғни, көмей, жұтқыншақ, аңқа, мұрынның қойнауын зақымдайтын болғандықтан Тұмау, ЖРВИ-мен шатастыруымыз мүмкін. Covid-тың альфа, бета, дельта, Омикрон түрлерінен қорғайтын то-



## Омикрон қандай кесел?

лық вакцинация мен ревакцинация. Бұл ғылыми дәлелденген тұжырым. Ғалымдар толық вакцинацияланған адамдардан қан алып, олардың антиденелерін Петри ыдысында Омикронның штаммымен араластырды. Бірнеше сағат өткен соң вакцинаның антиденелері Омикрон штаммын ыдыратып жіберді. Pfizer-BioNTech вакцинасы инфекцияға қарсы 75 пайызға тиімді болды. Сондықтан вакцина салдырудан қорықпаған дұрыс. Вакцинаның екі этапын алған адамдар 6 айдан соң ревакцинация салдыруы қажет. Сонда ғана Covid-тың жаңа түрі Омикронның таралуына жол бермейміз. Сонымен қатар, көпшілік ортада ара-қашықтықты сақтап, маска тағып, қолымызды дезинфекциялап, үйдегі бөлмелердің есік, терезелерін бір уақыт ашып желдетіп отыруымыз керек.

Омикронның клиникалық белгілері: қызба, бас ауруы, тамақтың ашып ау-

руы, бел омыртқаларының ауырсынуы, бұлшық еттердің ауырсынуы, құрғақ жөтел, әлсіздік. Осы белгілер байқалған жағдайда дәрігердің кеңесіне жүгінеміз. Бұл ауруды емдеу үшін: антибиотиктер (ампициллин, цефазолин, цефтриаксон, ципролет, т.б), анаферондар, эргоферондар, тамифлу, гидроксохлорохин, кагоцел, ацикловирлерді пайдаланудың қажеті жоқ. Сондықтан өз білгенімізбен аталған дәрі-дәрмектерді қолданып, иммунитетімізге төмен түсіріп, денсаулығымызға зиян келтірмейік. Қалтадағы ақшаларыңызды босқа шашпаңыздар. Тұмау мен ЖРВИ-дың клиникалық белгілеріне сәйкес келетіндіктен, дәрігерге көрініп, тексеріліңіздер. Біз сіздерге әрқашан көмек көрсетуге қашанда дайынбыз. Халықтың адамы тек халыққа адал қызмет етеді.

**Тұрсын НАРИМАНҚЫЗЫ,**  
Дәрігер терапевт.

## Жарасымдылық жаһанға керек

Ел бірлігі жоғары ұстаным, өз нәтижесін беріп, ел тыныштығы қалыпқа келді. Мемлекет басшысы Қасым —Жомарт Тоқаев елді бірлікке шақырып, үндеу жариялады. Мемлекет басшысының алға тартып отырған бағыт — бағдары Қазақ елінің, Қазақстан мемлекетінің өсу өркендеуіне, бейбіт, тәуелсіз өмірдің нақты қадамдарына негізделіп, көзделген. Ел болып бірігіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізіп, мемлекетіміздің нақты қадамына үлес қосайық. Сыбайластық деген, қарапайым тірліктен басталады. Көп адамдар басын шаршатқысы келмей, ия болмаса еріншектіктің салдарынан екінші біреуге жүгініп, жеке тірлігін өзге адамның көмегімен бітіргісі келеді. Қарапайым құжат рәсімдеуден бастап. Бұл ең қарапайым мысал. Осы орайда айтпағым, әркім, бүгінгі таңда ең болмаса жеке өзінің конституциялық құқығын мұқият меңгеріп алғаны абзал. Жалпақ тілмен айтқанда, екінші біреуге «жем» болмас үшін. Ол үшін бірінші кезекте сауаттылық қажет. Заң талаптарын нақты орындау қажет. Қазақстан мемлекетінің Заң талаптарын орындап, заң жүзінде талап ете білу маңызды. Айтпағым, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін әр азамат бұл

қағиданы берік ұстанып, елдің өсіп-өркендеуіне тұрақты үлес қосуы қажет. Келешек жастарымызға тағылымды тәрбие, танымды сана беру бүгінгі аға буынның еншісінде. Ел болып бірігіп, еліміздің ынтымағын сақтап қалайық. Президентіміздің алға қойып отырған жоспар, тапсырмаларын мұқият орындап, нақты үлес қосатын уақыт келіп тұр. Тәуелсіз еліміздің тұғыры мықты болсын. «Нұр Отан» партиясы еліміздің басты партиясы. Халықтың партиясы. Партия бастама-сымен атқарылып жатқан жұмыстар ел бірлігіне, тәуелсіздігіне, бейбіт өмірге бағытталған. Ел болып бірігіп, ел үшін еңбек етейік. Сыбайластыққа жол бермейік. Әр бір істі бастарда таза ниетпен, кең пейілмен, ашық пікірмен бастайық. Егеменді еліміз мәңгілік, бақытты ел болсын. Ел ішінде амандық, ынтымақ, ауыз біршілік жарасым тапсын.

**Нұржамал МАЙУСОВА,**  
**аудандық мәслихаттың**  
**депутаты.**  
**«Nur Otan» партиясы Созақ**  
**аудандық филиал жанынан**  
**құрылған сыбайлас жемқор-**  
**лықпен күрес жөніндегі**  
**қоғамдық кеңес төрайымы.**

## Азаматтық процестік кодексіне енгізілген өзгерістер

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Заң азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге, татуластыру рәсімдерінің аясын кеңейтуге, азаматтардың сот шығындарын барынша азайтуға, сондай-ақ халықтың дауды соттан тыс реттеуге мүдделілігін көрсетуге бағытталған. Құжаттың бірінші блогы дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеуді дамытуға бағытталған. Түзетулер сәйкесінше кәсіби медиаторлар тізіліміне және қоғамдық медиаторлар тізіліміне енгізілген кәсіби және қоғамдық медиаторлардың қызметін ажыратуға бағытталған. «Кәсіби емес медиатор» ұғымы «қоғамдық медиатор» ұғымымен ауыстырылды, медиатордың ерікті негіздегі қызметін көрсету оның қоғамдық мәртебесін көрсету үшін қажет, өйткені тараптарды татуластыруға өтеусіз негізде жәрдемдеседі. Медиаторларды ұйымдастырудың негізгі функциялары мен уәкілетті органның құзыреті де айқындалған. Медиатордың құқықтары мен міндеттері нақтылануда. Сонымен қатар, онлайн медиацияны дамыту қарастырылған. Заң сонымен қатар алимент төлеу туралы келісімге қол жеткізе алатын тұлғалар шеңберін кеңейтеді, бұл медиаторлар, адвокаттар, заң кеңесшілері. Екінші блок азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған. Осы блоктың түзетулері ерекше іс жүргізуді қоспағанда, «арыз», «талап арыз», «талап» тер-

миндерін бір «талап арыз» терминіне біріктіруді көздейді. Сондай-ақ, «Үлгілі сот шешімі» институтын бейімдеу, азаматтық процеске тараптарға дауды соттан тыс реттеу мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа «сотқа дейінгі хаттама» институтын енгізу жоспарлануда. Сонымен қатар, бір ай ішінде сот талқылауы жүргізілмейтін, жазбаша құжаттар негізінде шешім шығаратын істердің бірқатар санаттарын талап қою өндірісінен қараудың оңайлатылған іс жүргізуіне көшіру көзделген. Нотариустар жасайтын атқарушылық нотариустың, сондай-ақ партиципативтік рәсім тәртібімен адвокаттар немесе заң консультанттары жасасатын татуластыру келісімдерін қолдану аясын кеңейту жоспарлануда. Мемлекеттік органдардың азаматтармен, бизнеспен және инвесторлармен негізсіз ұзақ мерзімді сот ісін қысқарту мақсатында аумақтық органдарға өз ұстанымын жоғары тұрған органмен келісу арқылы сот актілеріне апелляциялық және кассациялық шағым беру қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, шешім қабылдаудың нақты алгоритмдеріне негізделген сот актілерінің жобаларын дайындайтын жасанды интеллект элементтерін пайдаланатын жаңа IT сервисін енгізу күтілуде. Шешімдерге судья қол қояды, олардың заңдылығы мен сапасына жауапкершілік судьяда қалады. Сұраныс болмағандықтан сырттай сот өндірісін алып тастау да қарастырылған.

**Бекжан САҒЫНТАЕВ,**  
**Созақ аудандық сотының**  
**судьясы.**



## Кодексте біршама өзгерістер бар

2021 жылы 20 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заң ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Осы заңның бірқатар өзгерістеріне тоқталып кетсем: «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 158-бабына өзгеріс енгізілді. Яғни алимент төлеу туралы келісім жасалуы мүмкін адамдар тобы кеңейтілді. Енді соттан тыс тәртіппен жасалған алимент төлеу туралы келісімді: 1)нотариус - алимент төлеу туралы келісім; 2)медиатор - дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім; 3)адвокаттар, заң, консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын тұлғалар - партиципативтік рәсім тәртібімен алимент төлеу туралы дауды реттеу туралы келісім нысанында жазбаша түрде жасайды. Осы Кодекстің 240 – бабы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылды. «Егер ерлі-зайыптылардың бірі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы арызды қайта бергеннен кейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға келе алмаса, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға оның нотариатта куәландырылған келісімі болған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу ол болмағанда жүргізуі мүмкін». Яғни тіркеуші органға некені бұзу туралы арызды қайта бергеннен кейін мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға келе алмаса, некені бұзуға оның нотариатта куәландырылған келісімі болғанда бұзылады. Ал осыған дейін екі тарапта міндетті түрде тіркеуші органға келу қажет болған, келмесе некені бұзбай сотқа жолдайтын еді. Енді егер ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы шешімі нақты болса, бірақ қандай да бір себептермен ерлі-зайыптылардың біреуінің тіркеуші органға келу мүмкіндігі болмаса, онда оның нотариалды келісімімен сотқа артық жүк артпай неке бұзылуы мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік

кодексіндегі (бұдан әрі - АПК) бірінші сатыдағы сотқа жүгіну түрлерін, атап айтқанда, біріздендіру мақсатында бірыңғай терминология ұсынылып, ерекше іс жүргізу істерін қоспағанда сотқа жүгінетін барлық арыздар, шағымдар талап қою болып өзгерді. Мысалы бұйрық арқылы іс жүргізуде тараптар «талап қоюшы және жауапкер» терминдеріне өзгерді. Қазіргі таңда сот бұйрығы шықпай жатып өндіріп алушы және борышкер деп аталады. Сондай-ақ, АПК-нің 73-бабының 1-бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылды: «Дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі»; Яғни, сот татуластыру рәсімдері шеңберінде тараптарға талап қоюды қабылдау сатысында дәлелдемелерді ашу және ұсыну құқығын түсіндіреді, оның мақсаты тараптарды бейбітшілікке шақыру болып табылады. Құжаттармен алмасқан кезде тараптар арасында сотқа дейінгі хаттама жасалады. Сотқа дейінгі хаттама жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бірқатар даусыз талаптар атқарушылық жазба жазу үшін нотариустарға берілді. Одан бөлек, АПК-нің 401-бабының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылды: «Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығын жоғары тұрған органның міндетті түрде келісуімен іске асырады»; Қазіргі таңда жергілікті мемлекеттік органдар жоғары тұрған органға хабарламай сот актілеріне шағымданады. Яғни бірыңғай тәсіл енгізілді. Бірінші сатыдағы сот үшін - мемлекеттік органның аудандық деңгейі, апелляциялық шағым бойынша - облыстық деңгей, кассация үшін - мемлекеттік органның орталық аппараты. **А.ДӘУРЕНБЕКОВ,**  
**Созақ аудандық сотының**  
**төрағасы.**

## СӘЛЕМДЕСУ

Ілгеріде көпті көріп, көп жасаған қарияға шөбере шөпшектері сәлем бере келеді.

-Ассалаумағалейкум, ата, қалайсыз? Күйлі, қуатты отырсыз ба?

-Е-е, шырақтарым, күйімді көріп отырсындар, қуатымды бүкшиген ана әжелеріңнен сұраңдар! - депті жақтырмай.

Қалай сәлем беру керек еді, - деп абдырап қалады жастар.

«Ассалаумағалейкум, өз ата! Сізге сәлем бере келдік!» деген жөн шығар. Сәлем бергеннің де жөн жоралығысы бар. Ілгеріде кіші үлкенге сәлем бергенде «Ассалаумағалейкум ата, көке» деген атаумен жасына қарай қосып, екі қолмен амандасатын. Бұрынғы сәлем бе-



**Жыл-дың басы, жаңалықтар мен тың бастамалардың басы болса игі... Былғы жылдың ерекшелігі, елдің ішіндегі көзі тірі қариялардың, не болмаса ұрпақтарына өсиет ретінде естелік қалдырып кеткен марқұм қарттарымыздың болсын тірнектен жиган құнды дүниелерін іздестіріп жатырмыз. Әрине, ұрпақтарымен, жоқтаушыларының өз еріктерімен қолжазбаларын, естеліктерін суыртпақтап алдырып, газет бетіне лайықтап, редакциялап назарларыңызға ұсынып отырамыз. Олардың арасында көктөбелік Дәнеұлы Сейтжан қарияның өзі, құмкенттік майдангер қарт, марқұм Молдабеков Ермахан қарияның ұрпақтары берген дүниелері оқырмандардың ойынан шығар деген үміттеміз. Сандықта сарғайып жатып қалған құнды дүниелер болса, редакцияға әкеліп көпшілік оқырмандардың назарына ұсынып жатсаңыздар нұр үстіне нұр болар еді.**

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**

# ЖАҚСЫ БІР АДАМ ҚАРТАЙСА...

ру жолдары ұмыт болды. Әже, апа, әпкелерге «Армысыз», құрдастарға «Арма», көпшілікке «Армысындар» деп сәлем беретін. Бір үйде жатсаң да азаңда сәлемдесу мұсылман қауымына парыз саналады. «Сәлем жақсылықтың бір атасы» деп отыратын көкем. Жақсылық пен бірлік бар жерде жамандық жоламайды. Отбасының бірлігі әкенің ақылы мен қаталдығын, ананың балаға деген жүрек жылуы, көзінің мейірімді нұрын бойына сіңіре білген бала адалдықты ту етіп ұстай алады. Қайырлы, мейірімді мол болады. Бала тәрбиемен өссе, мінез туа бітті қанымен келеді.

Баланың үш түрі: әкеге бір бала жете туады, бір бала әкеден өте туады. Бір бала әкеден кете туады деген.

## Әкем Дәненің әңгімелері

Көкем, Шәлібек, Байсақал - үшеуі балалық шақтарын бірге өткізген достар болған.

Байсақал көке жүрген жерінде әңгіме арасында: «Еее, бұл екеуі маған не көрсетпеді? Көкпарға шамалары келмейді. Мені көре алмайды. Мен көкпарды қызы бар бір ауылға апарып саламын. Бұл екеуі салпақтап соңымнан еріп келеді. Сол ауылдың қыздары көкпар салған маған қарамай, Дәненің атының омырауындағы үзілген шытырын теріп, Дәненің қасында жүреді. Не дегенімен бай баласы ғой.» - деп әзілдеп отырады екен.

Байсақал көке шомбал денелі, орта бойлы, қарулы қара кісі еді. Жұрт бұл әулетті «Шыңғыстың шын ұлы» деп те атайтын. Көкпарқұмар, аңғалдау, ертегі-аңыздарды жақсы айтатын аңқылдаған әңгімешіл жан екен. Бірде ол таңсаріден «көкпар, көкпар!» деген дауыстан оянып, шапанын жамыла сала жүгіреді. Атына жайдақ міне көкпарға қойып кетеді. Көкпарды тартып алып тақымға басады. Сол кезде көкпаршылар қырантопан күлкіге қарық болады. Байсақал тоқтай қалып өзіне қараса, үстінде шапа-

нынан басқа ешнәрсе жоқ екенін сонда ғана аңғарады. \* \* \*

Бұлақты сағалап сай-салаға қауын, асқабақ, жүгері егеді. Қарауылдамаса түнде шошқа келіп жайпап кетеді. Шартақ құрып түнгі қарауылдықта Байсақал жатады. Түн жарымында шошқалар қорсылдап келе қалады. Біреуі шартаққа сүйкеніп шайқай бастайды. Қарауылдап жатқан «батыр» шартақтан секіріп түсіп, ойбайын салып үйіне қарай қаша жөнеледі. Үйде жатқан кемпірінің қасынан бір-ақ шығады. Болған жайды естіген кемпірі шалын шымши сөйлейді:

-Ой, сені Шыңғыстың шын ұлы дегені қайда?!

-Сол Шыңғыстың шын ұлы болған соң шошқаға қарнымды жарғызбай аман келдім емес пе!?-депті Байсақал көке. \* \* \*

Шәлібек пен Әмірбайды тылда жұмыс істеуге шақыртыпты. Бір деревняның қасында ағаш аралап машинаға артып жібереді екен.



Деревняның шетінде бір жалғызбасты кемпір тұрады екен. Кемпір күніге таңертең Маша деген ақ ешкісін арқандап, кешке алып ке-

теді екен. Шәлібек: «Әмірбай ет жегіміз келіп тісіміз қышып жүр. Мына Машаны сойып алайық»,-десе, Әмірбай: «Егер мліса келіп тексерсе, сені ұстап беремін. Осыған келісесің бе?»-дейді. «Оны уағында көрерміз»,-деп екеуі жабылып ешкіні сойып алады. Кәтәлөттарға салып пісіріп жеп алады. Кешке «Машалап» кемпір келеді. Сол маңайды әбден қоймайды. Кемпір «Маша!» деп айқайлаған сайын Әмірбай: «Қақпас қақсай берме. Машанды Шәлібек сойып жеп қойған» - деп айқайлайды. Сонда Шәлібек: «Әй, Әмірбай, қойсай. Мен жегенді сен де жедің ғой. Бәлеге қалдырмай»,-дейді. Әлгі кемпір біраз жерді аралап, күдерін үзіп, қайтып кетіпті.

## СУЫНДЫҚ ӨЗЕНІ

Қаратау жотасы-сонау Алатаудан бөлініп шыққан бір сілем. Алатаудың теріскей бетінен батысқа қарай созылып жатқан жотаны Кәрі Қаратау деп те атайды

өңірінің теріскей бетін жайлаған отырықшы тайпаларға Араб қолбасшысы Әбдіжәлел 30 000 әскермен шабуыл жасайды. Мақсаты жергілікті халықты ислам дініне кіргізу. Жорық қатты тойтарысқа ұшырап қолбасшы жараланып қалады. Оның артынан ағасы Ысқақ келеді. Сол кезде Суындық аңғарында үлкен шайқас болған деседі. Әбдіжәлел жорығында араптардың талай бек, сұлтан, батырлары жер жасанады. Шабырдан Бәжі беліне дейін үлкен-үлкен молалар жатыр. Өздерінің дәстүрімен байланысты болса керек, мәйіттер бұлақ басына, су бойына жерленген. Мәселен: Изендідегі бұлақ басы, Жоламан асуында, Талдысайда су бойында, Балықшыдағы бұлақ басында, Кенқолда су бойында, Бәжінің үстіртінде су бойында. Ысқақ бастаған жорық та ұзаққа созылады. Созақтан Шолаққорған, Қызылкөл, Шымқалаға қарай шегінген Ысқақ қолы қан төгіспен мақсатына жете алмасын түсінеді. Ысқақ қол-

етті әулиелер пайда болған. Ысқақ бап, Баба түкті шашты әзіз, Шашты ата, Қарабура әулие, Сақ әулие, т.б.

Қаратаудың теріс беті Бәжден бастау алатын су Суындық өзені деп аталады. Бастапқыда Суындық өзенінен нәр алатын тау тұрғындары мен Сзақ халқы арасында дау туындаған. Өзеннің шығыс жақтан келетін бұлақ сулары Созаққа, ал батыс жақ бұлақ сулары тау мекендеген елге тиесілі болып келісім жасалады. Тау ішін жайлаған біздің ел әр бұлақты иеленіп егін екен. Егісті далаға егу қажеттілігі туындайды. Таулықтар өздеріне тиесілі суды арық арқылы далаға шығармақ болады. Судың басы Додабас бұлағы болу керек, арық сол жерден бастап қазылған. Әр үйден бір ер кісі шығып арық қазуға ат салысады. Келе алмайтындар мал әкеп сойып үлес қосады. Осылайша таудан тегіске шығады. Осы тұста Көкбұлаққа талас басталады. Дау шешімін таппай ұзаққа созылады. Екі жақ келісе алмай қақтығысуға бел байлайды. Жетітөбе тегісінде кездеспекке уағдаласады. Бір күні таң ата Шәлібек келді. Сойыл, шоқпармен қаруланып алған.

-Не болды, жауға шабатындай қару асынып?

-Ә, сен естімеген екенсің ғой. Бүгін Жетітөбеде екі жақ кездеседі. Жүр, соған барамыз.

-Әй, таусоғарым-ау. Ентігінді бас. Екеумізді сойылмен бір соғып-ақ сілейтіп кетпей ме?

-Екеуміздің әліміз біреуіне жететін шығар. Жабыламыз!

-Мақұл ендеше кеттік.

Атымызды ерттеп, шоқпарымызды сайлап жатсақ «Қайда барасындар?» деп әжем келіп тұр. «Әже, Шәлібек бір қасқырды мына сайға қуып кіргізіпті. Соны ұстағалы барамыз» деп жалған желеу айтып жолға шықтық. Жоламанның асуы арқылы суыт жүріп келеміз. Шабырдан шыға жазыққа көз салдық.

**Сейтжан ДӘНЕҰЛЫ.  
(Жалғасы бар).**

Халқымызда «ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің» деген сөз бекерге айтылмағаны керекті. Көп нәрсені уақытында аңғармай жатамыз. Тек болған істің салдары пайда болған кезде ғана «қап», «әттеген-ай», «бұлай болмағанда-ғой» ға салып жатамыз. Абайша айтқанда қолымды мезгілінен кеш сермедім. Бұл сөздердің аста-

Шын мәнінде мемлекеттік төңкеріс болды. Енді ғана қол жеткізген Елдігімізден, Тәуелсіздігімізден айырылып қала жаздадық. Елдің басына енді қайтып мұндай сұмдық келмесін, аналардың көз жасы тек қуанышқа ғана төгілсін деп тіледік.

Президенттің министрлер кабинетіне берген тапсырмалары мен алдағы күндерге жасаған реформалары жүзеге асып

Ар сақта, оны біл.  
Талаптан да білім мен өнер  
үйрен,  
Білімсіз,  
Өнерсіз,  
Болады ақыл тұл.  
Мақтанға салынба  
Мансаптың тағы үшін.  
Нәпсіңе билетпе  
Басыңның бағы үшін.  
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,  
Жоба тап,  
Жол көрсет,  
Келешек қамы үшін.  
Қайтадан қайрылып  
Қауымға келмейсің.  
Барыңды,  
Нәріңді  
Тірлікте бергейсің.  
Ғибрат алар артыңа із қал-

дырсаң –  
Шын бақыт,  
Осыны ұқ,  
Мәңгілік өлмейсің!  
Президент Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кешегі күнгі сөзінде «жаңа дамыған Қазақстанды бірге құрайық» дегеніндей еліміздің қарқынды түрде даму жолында ұлт болып ұйысып, бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай болып, жұдырықтай жұмылып ел үшін еңбек етіп, тер төгейік. Себебі қазаққа «Хақтың разылығы халықпен» деген есті сөз бар. Осыны есте сақтайық. Қаралы күндер енді қайта болмасын, ел аман, жұрт тыныш болсын деп тілейік. Себебі қазақ бейбіт сүйгіш халық. Ендігі мақсатымыз айқын. Еліміз бейбіт болып, мамыражай күн кешейік.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.**

## Бейбітшілік-ел мұраты

рынан оқырман қауым бейбіт басталған митингтің арты қанды қол қылмыскер, діни экстремистер мен террористердің салған лаңына байланысты айтылғанын бірден түсінер. Со- дырлардың салған сойқанының арты елімізге 100 млрд шығын мен жастары жиырмаға да толмаған жас өскін боздақтардың жалған дүниемен мәңгілікке қоштасуына алып келді. Құлыным-ау деп ботадай боздап, жылағанда етегі жасқа толған аналардың мұңды зарын есту қандай қасірет?! Жүректің қорғасыннан құйылған ба дерсің тіпті жауыздығы соншалық кішкентай сәбилерге дейін ажал оғын сеуіп өтті. Ал неше адамның қайтыс болғаны әзірге беймәлім. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық ғұмырындағы ең үлкен қасірет. Еуразияның жүрегі атанған, бейбітшіліктің нышаны болған Қазақстан үшін бұл бір үлкен сынақ болды.

еліміз бай әрі қуатты болсын. Бірақ бұл реформалардың орындалуының бір тетігі халықта. Аққу, шортан, һәм шаян сияқтанып біріміз ойға, біріміз қырға тартқыланып, қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақтанып, жік-жікке, руға, жүзге бөлініп жатсақ елдігімізге қайтадан қатер төнебек. Әрбір қоғам мүшесі өзіне жауапкершілік арқалап, қоғамға, елімізге, жерімізге қандай пайда тигізе аламын деген сауалды қойып, халқына пайда тигізе алса өмірден өз орнын таба білгені. Хәкім Абай айтқандай «сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан», деген қатаң қағиданы ұстанса елдің жұртығы жамалып, іргесі бүтінделмек. Осы тұста Шәкәрім атамның «Адамдық борышың» атты өлеңін жазуды жөн көрдім.

Адамдық борышың –  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай

## Діни ұйымдар қызметінің құқықтары мен шарттары

Дін – тарих кезеңдерінің қай қатпарлары болмасын адамзат үшін құнды. Уақыт өткен сайын кейбір діндер деградацияға түсіп жатса, бірі қайтадан жанданып, жаңа бір күш алғандай дамиды. Әрине, бұл құбылыстардың барлығы қоғамдағы діндарлыққа байланысты. Діндарлық – мемлекет пен дін арасындағы саясатқа тікелей байланысты. Егер мемлекет зайырлылық қағидаттарын ұстанса, қауіп төндірмейтін, экстремистік және террористік деп танылмаған діни бірлестіктерге бірдей қарайды немесе кейбір діни бірлестікке ерекше бір мәртебе беріп айқындайды. Кейбір мемлекеттер өзінің саяси бағытын дінмен ұштастырып жатады. Осы бір байланысқа қарама-қарсы идеология – атейстік. Яғни, құдайға сенбеушілік.

Ата заңымыздың 1-бабының, 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, діннің мемлекет саясатына араласпайтынын білдіреді. Яғни зайырлылық – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы.

Зайырлы мемлекеттерде арнайы тіркелген діни бірлестіктердің жұмыс жасауына ешқандай кедергі жоқ. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданған болатын. 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының күшіне енуі, елдегі кейбір діни бірлестіктер қызметінің ахуалын біршама өзгергендігі аталып өтіледі. Осы саладағы туындаған мәселелерді ескере отырып, 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы негізінде діни бірлестіктерді қайта тіркеу 2012 жылдың 25 қазанына дейін жүргізілді. Қайта тіркеу нәтижесінде діни бірлестіктердің саны 32% қысқарды.

Діни ұйымдар, діни топтар мен діни бірлестіктер түрінде құрылуы мүмкін. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда, және жергілікті мемлекеттік органдарда, әскери бөлімдерде, мемлекеттік және муниципалдық ұйымдарда діни бірлестіктер құруға тыйым салынады. Сонымен қатар, діни партия құруға қатаң түрде тыйым салынады.

Діни ұйымдар меншік иесі бола алады. Олар ғимараттарға, жер учаскелеріне, өндірістік, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени-ағартушылық

мақсаттарға, діни заттарға ие бола алады. Діни ұйымның меншігі өз қаражаты есебінен сатып алу немесе құру, азаматтардың, ұйымдардың қайырымдылықтары немесе мүлкіті мемлекеттен беру арқылы құрылады. Діни ұйымдарға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға және өз кәсіпорындарын құруға рұқсат етіледі. Оның үстіне мұндай кәсіпорындар азаматтық және еңбек заңнамасының нормаларына бағынады.

Діни ұйымдар сонымен қатар діни мақсаттағы әдебиеттерді және басқа материалдар мен заттарды арнайы дінтанулық сараптамасынан кейін өндіруге, сатып алуға, таратуға құқылы. Сонымен қатар, діни ұйымдар діни қызметкерлер мен діни кадрларды даярлау үшін кәсіби діни білім беру мекемелерін құру құқығына ие.

Елімізде діни бірлестіктерді тіркеу үшін қажетті шарттарға тоқталсақ: діни бірлестіктің жарғысы; құрылтай жиналысының хаттамасы; бастамашы азаматтарының тізімі; орналасқан жерін растайтын құжат; діни ілімнің пайда болу тарихы мен діни баспа материалдары; мемлекеттік тіркелгені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек. Қазақстан Республикасының заңында қарастырылмайтын діни бірлестіктер: жергілікті, өңірлік, республикалық болып құрылуы мүмкін.

Адамның ең басты құндылықтарының бірі саналатын дін оның наным-сенімі арқылы қоғам өміріндегі рухани саланы жүзеге асыратын механизмнің бір бөлшегі болғандықтан діни бірлестіктердің қызметінің жүйеленуі мемлекет үшін өте тиімді. ҚР Конституциясында көрсетілгендей Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады және мемлекетте қандай да бір діни наным сенімге ресми басымдылық берілмейді. Дегенмен, елімізде сан тұрғысынан басымдылық танытқан ислам діні мен православие дінінің айтулы мейрамдары ресми мейрам болып тіркелген.

Қорытындылай келе, мемлекетіміз қоғамға қауіп жоқ, ел арасында ұлтаралық және конфессияаралық келісімге нұқсан келтіретін, қандай да бір зорлық-зомбылықты үндетін діни ұйымдарға қарсы. Керісінше, ел бірлігінің нығаюына, халықтар арасындағы достықты өркендеуді мақсат тұтатын діни бірлестіктерге, заң аясында жұмыс жасаса қарсылық білдірмейді. Еліміздің тарихи дамуында ерекше орны бар діни бірлестіктерге мүмкіндігінше қолдау көрсетеді.

**А.ТАҒАЙ,**  
**«Әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі басшысы м.у.а.**

## Діни тұрақтылықтың өзгеруіне алып баратын алғышарттар

Тәуелсіздігіміздің ең басты құндылығы – тұрақтылық. Оны ешбір игілікпен салыстыруға да, алмастыруға да болмайды. Оның баянды болуы үшін қадірін бағалай білуіміз керек. Зайырлы мемлекеттегі жастардың рухани білімі, патриотизм, Отанды сүю, еліміздегі және өңірдегі тұрақтылық – болашағымыздың кепілі.

Қазақстанның діни-конфессиялық кеңістігі тәуелсіздік алғалы бергі уақыт аралығында құрылымдық тұрғыда ауқымды өзгеріске ұшырап, діни институттар сандық және сапалық тұрғыда айтарлықтай жетіліп, азаматтарымыздың діни санасының деңгейі өсті.

Мұның барлығы мемлекеттің Конституцияда көрініс тапқан азаматтардың ар-ождан бостандығын, рухани жетілуін, этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған бірізді және сапалық саясатты жүзеге асыруының және дін саласын реттейтін қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң талаптарының пәрменділігінің нәтижесі екені анық.

Бүгінгі күнде қоғам өміріндегі діннің рөлі айтарлықтай ұлғайды. Сәйкесінше, еліміздегі діни бірлестіктердің де саны жылдан-жылға артуда.

Қазіргі күнде елімізде әділет органдарына тіркелген 18 конфессияның мүддесін білдіретін 3800-ден астам діни бірлестіктер заңды қызмет атқарып отыр.

Мемлекет тарапынан іске асырылып отырған дін саласындағы саясаттың арқасында сақталып отырған қолайлы діни ахуалға еліміздің тұрғындарының дәстүрлі сенімі болып табылатын ислам және православиелік христиан діндері де оңды ықпал етіп отыр.

Дегенмен қазіргі күнде елімізде қалыптасып отырған діни тұрақтылықтың өзгеруіне алып баратын алғышарттар да бой көрсетіп отырғанын айта кету керек.

Атап айтар болсақ, елімізде ислам атын жамылған радикал діни ұйымдардың ошағы пайда болып, әртүрлі конфессиялар мен деноминациялардан тұратын шетелдік миссионерлік ұйымдар мен бірлестіктердің қызметтері белең ала түсуде.

Бұлардың іс-әрекеттері өз кезегінде қоғамдағы дінаралық қатынастардың дамуына кері әсер ететін жағдайларды туындатуда. Осы орайда оларды жалпылама және шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарға және мемлекетіміздің зайырлы қағидатына жақтырмаушылық көзқарасты ұстанатын әртүрлі сипаттағы ислам атын жамылған деструктивті діни ағымдарды жатқызуға болады.

Сәйкесінше, олардың идеологиясында демократиялық басқару жүйесі мен зайырлылық институттарына орын жоқ және олар теократиялық басқару формасындағы мемлекет орнатуды басты назарға қояды.

Олардың бастапқы кездегі іс-әрекеттері, негізінен тұрғындардың ұлттық және азаматтық бірегейліктерін жоққа шығаруға және ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді сынға алуға бағытталса, осындай ұстаным бірте-бірте заңды билікке бойхсынбауға дейін жалғасады.

Бүгінгі күні мұндай үрдісті қоғамымыздағы салафизм ата-

уымен жақсы таныс дәстүрлі емес діни ағымдарды ұстанушылардың көзқарастарынан аңғаруға болады.

Екінші топқа елімізде қызмет атқарып отырған шетелдік миссионерлік діни ұйымдар мен бірлестіктердің әрекеттерін жатқызуға болады.

Олардың қатарында әсіресе христиан дінінің протестантизм бағытынан туындайтын жаңа діни ұйымдардың әрекеттері тым белсенді екенін айта кету керек.

Сондықтан қазіргі таңда дін саласын реттеумен айналысатын барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қолданыстағы заңнама талаптарын сапалы орындалуын түсіндіру және талап ету бағытындағы жұмыстарын күшейту арқылы қоғамдағы тұрақты діни ахуалға кері ықпал ететін үрдістердің алдын алуға болады.

Ол үшін тұрғындар арасында және діни бірлестіктермен кездесулер ұйымдастыра отырып, қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіруге бағытталған мынадай жұмыстарға басымдық беруіміз қажет:

Ел аумағында тек ресми тіркелген діни бірлестіктерге ғана діни қызметпен айналысуға рұқсат етілетінін, тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу немесе қызметін қаржыландыру жауапкершілікке әкеліп соқтыратынын;

Құлшылық, салт-жоралар, рәсімдер және діни жиналыстар тәрізді діни шаралар заңмен белгіленген орындарда бөгетсіз өткізілетіндігін және қолданыстағы заңда діни іс-шараларды өткізуге жол берілмейтін орындардың (мемлекеттік органдардың, әскери құрылымдар мен білім беру ұйымдарының ғимараттарының) белгіленгендігін;

Миссионерлік қызметті жүзеге асыру тәртібіне сәйкес діни ілімдерді таратуды тек тіркеуден өткен азаматтар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жүргізуіне алатынын, олардың Қазақстанда ресми тіркелген діни бірлестіктің өкілдері болуы тиістігін және тиісті рұқсаты жоқ адамдардың қоғамдық орындарда діни уағыз, үгіт-насихат жүргізген жағдайда жауапқа тартылатындығын;

Елімізде бекітілген діни әдебиетті тарату тәртібіне сәйкес діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды тек ғибадат үйлерінде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар белгілеген арнайы тұрақты орындарда ғана таратуға болатынын, сәйкесінше, басқа орындарда діни әдебиеттер тарату заң бұзушылық болып саналатындығын, ең бастысы – еліміз аумағында тек дінтану сараптамасының оң қорытындысын алған діни әдебиеттер ғана таратыла алатынын жеткізуіміз керек.

Қысқасын айтқанда, дін саласын реттейтін қолданыстағы заңнама ережелерінің мүлтіксіз орындалуына бақылауды қамтамасыз ету арқылы қоғамда бой көрсетіп отырған жат діни идеялардың таралуына пәрменді тосқауыл қоюды жалғастыра беру қажет.

**Б.ӨТЕГЕН,**  
**Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің маманы.**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 3-15-36 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

**«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.**

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп Кодексінің талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Егер, біздің мекеме қызметкерлері арасында заң бұзушылық, қызмет этикасы бұзылған жағдайда Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 4-13-05 және Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының 5-75-72 сенім телефондарына хабарласуға болады.

**ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы.**

## Жарамсыз деп танылсын

Бимырзаева Тансық Кабаковнаның иелігіндегі 2019 жылы шығарылған «Toyota Camry» маркалы автокөлігінің «KZ 249 ADD/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

## Мұрагерлік ашылды

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қайнар ауылы, Қайнарбұлақ көшесі 7 үйде тұрып, 2021 жылдың 05 қазанында қайтыс болған аз. Тастанова Рысбибінің атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерді Түркістан облыстық нотариаттық округінің нотариусы Аманкулова Сауле Камбаровнанаға хабарласуына сұраймын. Мекен жай: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі 78 үй («Арнур Кредит» ЖШС-нің ғимараты) 8-701-733-99-80.

Нотариус С.К.Аманкулова.

## Жатқан жерің жайлы болсын жан Ана!

Ана мейіріміне жетер не бар екен. Ана, ұлы есім! Анашым, сүйегі асыл, мейірімі мол, жігері мен қайраты мықты жан еді! Марқұм анамыз Түсенқызы Гүлшахар барлығымызды оқытып, бір өзі жүріп жеткізіп, қанша бейнет көрсе де мойымастан, ерен еңбегінің арқасында бізді ешкімнен кем қылмай, түлкінің баласындай құлпыртып-ақ өсірді. Елге, ағайын-туысқа, құда жежәттерге өзінің жұғымды мінезі мен осы әкесіз қалған қанша баланы өзінің пысықтығымен, еңбекқорлығымен өсіріп жетілдіріп, үйлі жайлы етіп, басына түскен неше бір нәубетке де мойымай, ағысқа қарсы жүзген, қайсарлығымен сыйлы болды. Ана сізге мәңгі қарыздармыз. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын, АНАШЫМ!

Анамыз Түсенқызы Гүлшахардың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Анамыздың рухына бағышталған 2022 жылдың 20 қаңтары – қонақ асы, 21 қаңтар күні қырық күндік асы өтеді. (Карантин талаптарын сақтай отырып). Барша ағайын-туыс, құда-жежәт, таныстарды құран ішінде болуға шақырамыз.

Ас – Шолаққорған ауылы, Абай көшесіндегі өз үйінде өтеді.

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, немерелері, Елеусізовтер әулеті.**

## Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде



Жартытөбе ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, қимас бауыр, ағайын-туыс пен әулетке сыйлы болған Құдиярбекбаева Ұлжамаш Құдиярбекқызы анамыздың бақилық болғанына қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақталуы.

**Жүректесің мәңгі біздің көңілде, Жас таусылды көзден біздің төгіле. Жайлы болсын жатқан жерің анашым, Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде,**

- деп анамыз Ұлжамаш Құдиярбекқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жежәт, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 23 қаңтар күні (22 қаңтар – қонақ асы) Жартытөбе ауылындағы өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, немерелері, Отарбаевтар әулеті.**

## Жеке және заңды тұлғалар назарына!

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 17 наурызындағы №82 бұйрығымен; «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізілгенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі №331 Заңының 13-бабы 1-тармағына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алу жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді делінген. Осыған байланысты, аудандық аумақтық инспекцияға есептердің мынадай түрлері мен мерзімдері бойынша ұсынады;

1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді, биоагенттерді өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет 10 шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы

есепті жыл сайын 10 қаңтарына дейін;

4) бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы туралы есепті қолында бүріккіш және дәрілегіш техника мен жабдық (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозольдік генераторлар, атомайзерлік, штангалық, вентиляторлық бүріккіштер, бүріккіш және дәрілегіш техниканың өзге түрлері) бар фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

5) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

6) химиялық өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету туралы есепті химиялық өңдеулер жөніндегі қызметті көрсететін фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің

ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

8) пестицидтерді, биоагенттерді сақтауды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің қойма үй-жайларының болуы туралы есеп, жыл сайын, 10 қаңтарға дейін фитосанитариялық есепті Созақ ауданына қарасты жеке және заңды тұлғалар (ШҚ, ӨК, ЖШС, т.б.) табыс етуі керек.

Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексінің 403-бабында жеке тұлғаларға-бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу туралы әкімшілік шара қаралған.

Фитосанитариялық есептілікті Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, №19 мекен жайы бойынша орналасқан Созақ аудандық аумақтық инспекциясына (4-13-05 факс) уақытылы табыс етулеріңізді сұраймыз.

**Асет УАЛИЕВ,**  
**ҚР АШМ АӨК МИК-нің**  
**Созақ аудандық аумақтық инспекциясының**  
**өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

## Жемқорлық індетін-жою міндетің

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу-Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайлас-тық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сондықтан да жемқорлықпен күресте барынша белсенділік танытып, аталмыш дерттің көзін жою баршамамыздың міндетіміз.

**Зина ИБАХОЖАЕВА,**  
**Аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.**

## Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

Шырпы күнделікті өмірде қажет. Шырпы арқылы майшамды, газды т.б. нәрселерді тұтату үшін іске асырады. Шырпыны үлкендердің рұқсатынсыз алмау керек. Себебі, өрт-тілсіз жау. Шырпының адам өмірінде пайдасымен бірге зияны да болады. Ас үйге сән беретін газ плитасы. Көгілдір от тұрмыс - тіршілігімізді көп орын атқарады. Десек те, оны ұқыпты ұстап, жаға білуіміз керек. Егер газ плитасынан бір кемшіліктер байқалса ата - анаңа айтып ескерт. Өйткені ата-анаң газ бөлмешесінің арнаулы мамандарын шақыртады. Газ плитасы тұрған бөлмені жиі - жиі желдету керек. Егер газдың күлмісіген иесін сезсең сірпіңке жағуға, электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды.

Тек үйдің есік - терезелерін ашып, желдету керек, одан да өрт шығуы мүмкін. Тұрмысымызда тағы бір көп қолданатынымыз – Электр. Электр - жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбақ болмайды. Электр приборларын уақтылы өшіру, электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау керек. Рұқсат етілмеген жерге электр жүйесін жүргізбеу Өрттің алдын-алу, қауіпсіздікті сақтау Өртті сөндіруге арнайы заттарды даярлап қойған жөн. Оларға құм, су, күрек, киіз, т. б. - Өрт жаңадан басталғанда, сумен, құм сеуіп өшіреді. - Адамның киімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жоқ болса, топыраққа аунап, үстіне құм себуіміз керек. Болмаса адамды қалың матамен орап өшіреді.

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,**  
**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.**

Алғыс айтсақ деп едік

# Антына адал азаматтар екен

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауының екінші тарауы денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру басын бойынша тиісті сала мамандарына берген тапсырмасында «Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Біз уақыт ұттырмай кез келген індетпен күресу шараларын дереу қолға алуымыз керек» деген болатын. Жалпы әлем жұртшылығын алаңдатып, қауіп қатерге үйіріп, әрбір отбасыға зәрепаз көңіл күй «сыйлаған» аты өшкір індет кімді де болса ойландырары сөзсіз. Қандайда қандай түрлері барын кім білсін «жұт жеті ағайынды» демекші түрлі кеселдердің қай қайсы болмасын жақсы емес. Көптеген шаңыраққа әуеден түскен аждаһадай болған ара кеселдің бетін аулақ етсін. Қараша айының ішінде жұбайым қатты тымауратып ауырды. Кәдуілгі тымау ретінде қабылдап түрлі емдомымызды үйде жасап көріп едік болмады. Тіпті асқынып кеткендей болды. Содан қараша айының 22 жұлдызы күні жұбайымды аудандық орталық ауруханаға алып бардым. Дәрігерлер алдымен төменгі қабатта індетке қарсы тест орталығы бар екендігін, алдымен содан өтуімізді ескертті. Тест орталығы қарап тексеріп болған соң бізді Бәйдібек ауданына жолдама бермекші болды. Отбасымызбен ақылдасып біз сол күні, сол сағатта жұбайымды алып Шымкент қаласына жолға шықтық. Шымкент қаласы Абай даңғылы бойына орналасқан «DAUMED» ме-

дициналық орталығына жетіп, компьютерлік томографиядан өттік. Бізді осы орталықтың пульмонолог дәрігері Шиндаулов Шадиар Тағабайұлы қабылдады. Халқымызда «Түсі игіден түңілме» деген сөз бар, айналасы бір күннің ішінде асып-сасып, әлемтапырық күйге түскен біздің түрімізді көрген дәрігер жылы сөзімен, сабырлы, мәдениетті іс қимылымен әйелімнің жай күйін, компьютер шығарған қорытындысын көре отырып қорықпауымызды, ауруды жеңетін алдымен құдайдың шарапаты, одан кейін адамның өзі екенін, өзіне деген сенім екенін, сабырлықтың да маңызы зор екенін баппен, байыппен түсіндіргеннен кейін әжептеуір жеңілдеп қалдық. Әйелімнің де көңіл күйі орнығып, барған сәттегіден көп көрім жеңілдеп қалды. Шадиар Тағабайұлы бізге мән жайды баяндай отырып емдеу үшін қажетті дәрілер жиынтығының тізімін жасақтап, қайсысы қай уақытта егілуі тиіс екенін және оны пайдалану жолын айта отырып, бізге арнайы инфекциялық емханаларда ем қабылдауымызға кеңес берді.

Шадиар Тағабайұлының айтқан барлық нұсқауларын өзіміз үшін бұлжытпай орындадық. Және ол күн сайын келіп қадағалап, сақурациясын, дене қызуын өлшеп көңіл күйінде көріп кетіп тұрды. Шадиардың өзі көршілес Өзбекстан Республикасында дүниеге келіпті. Қарапайым отбасында тәрбиеленген азамат екені ішкі жан дүниесінен көрініп тұрды. Жалпы қазақы мінезге бай, медицина саласында толымды еңбек өтілін жинаған, тәжірибелі ма-



ман екені көрініп тұр. Сонымен қатар, әр келген сайын көңілді келіп, ем қабылдап жатқан жұбайымның көңіліне жағатын жылы сөзін айтып «апап кешегіден бүгін әлдеқайда жақсы екеніңіз көрініп тұр», «сақурацияңыз көтеріліп қалыпты», «өңіңізге қан жүгіре бастапты», деген сияқты жылы сөздері ауырып жатқан жұбайыма да қасында жүрген біздерге де көп медеу болды. Біздің де жұбайымның да жүзіне расында қан жүгіре бастады. Айтылған сағатында келіп, көріп, тиісті нұсқамасы мен емдеу жағдайында болған өзгеріске байланысты кеңесін айтып, тікелей бақылап отырды. Әуелі Ал-

ла Тағаланың, одан кейін орталық пен осы орталықтың дәрігері Шадиардың арқасында біз он күннің ішінде отбасымызбен ауылға қайта оралдық. Қазақстанның медицина саласында «DAUMED» медициналық орталығы сияқты және осы орталықтың дәрігері Шадиар Тағабайұлы Шиндаулов сияқты азаматтар көп болса, біздің елдің медицинасы ешбір елден кем болмайды деп ойлаймын. Отбасымыз атынан «DAUMED» медициналық орталығының басшысы, бас дәрігер Дәуей Бауыржан Қалмаханбетұлына, ақ желенді абзал жан Шиндаулов Шадиар Тағабайұлына деген алғысымыз шексіз. Шадиар бүгінгі күні де Шымқаладан Шолаққорғанға телефон соғып хабарласып, жұбайымның жағдайын үнемі бақылап отыр. «Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің, ағайынның қадірін сағынғанда білерсің» демекші, денсаулық бар да төрт құбылаң түгел болып, ауырмайтындай, ауырған жанның жан дүниесін түсінбей жүресің. Құдай, ешкімді ауыртпасын, дәрігердің алдына тек алдын ала кеңес алуға баруды ғана жазсын! Өзіміз сияқты науқастардың жанына шипа дарытқан орталық дәрігерлеріне айтарымыз отбасыларының қуанышын көріп, өсіріп отырған бала-шағаларының қызықшылығын көрсін. Ешқашан жаманшылық көрмесін. Біз сияқты көптеген азаматтардың ақ батасын алып, амандықта жүре берулеріне тілектеспін!

**Мағжан БАЙӨСЕР,**  
Сөзақ ауылының тұрғыны.

Ой толғау

## ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАНДЫ ЖАДЫРАТАДЫ

Қамшының сабындай мына қысқа ғұмырда адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласы, жылы ілтипатына еш нәрсе жетпейді. Пенде болған соң күнделікті өмірде өкпелесіп жатамыз. Түкке тұрмайтын нәрсеге сөзге келіп қаламыз. Осының бәрі бекер екенін кейін түсінеміз.

Адам жасының ұзақ болуы, денсаулығының мықты болуы көңіл қошына байланысты ғой деп ойлаймын. Егер де біз бір-бірімізден жылы сөзімізді аямай, үнемі назар аударып, жақындарымыздың, көршілеріміздің жағдайын біліп отырсақ артық етпес еді.

Бұрындары елдің бір-біріне деген ықыласы мен мейірімділігі ерекше болатын. Әсіресе ауылды жерлерде көршілердің бірлігіне тәнті болатынбыз. Қандай бір қызықшылық, жиын болмасын барлығы қоғадай жапырылып сол үйге қызмет жасап, қуанышына ортақта-

сып жүретін. Қазір ше? Ондай тұрмақ тас қамалдан шарбақ соғып алып, көршілер бір-біріне кіруден қалды. Дәл үйінің қасында тұрып ол үйде не болып жатқанын білмейсің. Әрине пенде болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды. Сол кездері тіптен қиын-ақ. Көршінің жағдайын біліп, көңілін сұрайын десең тас қамалдан, әрмен қарай өту-қиынның қиыны. Баяғыда тас қамал жоқ шарбақтар сым темірмен қоршалатын. Көршілер бір-бірін күнде көріп, үйлеріне кіріп хал-жағдай сұрасатын. Сәті келсе, қою күрең-шайды бөліп ішіп, әңгіме-дүкен құрып отыратын. Осындай сұхбаттарда бала тәрбиесі, адамгершілік, инаттылық, кішіпейілділік мәселелері тілге тиек етілетін. Жақсы кісілердің өнегелі істері алға тартылатын.

Бала кезімізде үлкен кісілердің ғибратты бас

қосуларына жиі барып, айтқан сөздерін құлақ құрышы қанғанша тыңдайтынбыз. Көрші балалар май шаммен отырып белгілі қаламгерлердің кітаптарын таң атқанша оқитынбыз. Ойын балалары кейде оқыған кітаптарымызды талдап, талқылайтынбыз. Сол шығармалардағы кейіпкерлерге ұқсағымыз келіп тұратын. Әсіресе жайлауда киіз үйдің іргесін түріп тастап, жан-жағына су сеуіп қойып, кітап оқып жатқан күндер керемет екен ғой. Қазіргі балалар ұялы телефоннан көзін алмай соған телміріп қарап отырғанын көріп қарның ашады. Денсаулығына орасан зор зиян екенін айтсаң да соған телміргенін қоймайды. Ой-өрісін тежейтіндігін қаперіне де ілмейді. Уақыт өте жанарына да зиянын тигізетінін ескертіп айтқаныңменен оған мән бермейді. Рухани азық аларлық газет-журнал, кітап

оқыса пайдалырақ болар еді. Жастайынан бойларына сіңген қасиет ізгілікті істерге бастайтынын түсінбегені жаныңа қаяу түсіріп, қамықтырады.

Бала кезімізде қозы-лақ бағып, көлге балық аулауға баратынбыз. Кең далада жүріп тау сағыз тергеніміз әлі есімізде. Сондағы сағыздың дәмі таңдайдан кетпейді. Балалық шақтың қызықтары таусылған ба? Балық аулауға барғанда қалтқының қозғалғанын бақылап отыру-қандай қызық. Өткен кеткенді ойлап, дүниені қиялмен шарлап керемет күйге бөленесің.

Қазіргі балалар бесіктен белі шықпай жатып ұялы телефонға телміреді. Миымызға тыныштық берсін деп ата-анасы кішкентайларына телефон беріп қоюды әдетке айналдырады. Бұл да дұрыс емес. Перзенттерін кітап оқуға, ұлттық ойын ойнауға, пайдалы іспен айна-

лысуға тәрбиелесе жөн болар еді.

Бір жиында жасы тоқсанға келіп қалған атамның көпшілікке айтқан ұлағатты әңгімесін есітіп, батасын тыңдап, жүрегімізге шаттық нұры қыйылды. Қариялардан күтетініміз ғибратты іс, өнегелі тәрбие ғой. Әлгі көнекөз ақсақал сәл ғана игі тілегімен отырғандарды баурап алды.

Қарап отырсаңыз жақсы сөз жанға жылылық нұрын құяды. Көңіліңізді өсіреді. Қиялыңызды қанаттандырады. Сондықтан мүмкіндігі келгенше бір-бірімізден жылы сөзімізді аямай, төңірегіміздегілерге үнемі қамқор болып жүрсек, сыйластықпен, түсіністікпен ғұмыр кешсек ешкімнің де назары пәс, көңілдерінде қаяу болмайтыны анық.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Сөзақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ****Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450  
Редакцияның мекен-жа-  
йы: 161000, Шолаққорған ау-  
ылы, С.Қожанов көшесі, Байла-  
ныс телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.